

**Айткулова Аяулы Мухаметкалиқызының  
6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша  
философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ірі қара  
бруцеллезіне қарсы В.abortus 19 штаммы вакцинасын конъюктиваға  
егу тәсілінің иммунологиялық тиімділігі» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына**

**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШНІҢ ПІКІРІ**

**- орындалған жұмыстың өзектілігін, оның кәзіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу**

Бруцеллез - созылмалы өтетін, іш тастау, шуы түспеу, эндометрит, орхит және жануарлардың жыныстық қабілетінің бұзылуы арқылы ерекшеленетін жұқпалы ауру. Ауру жұқтырған жануарларды шаруашылықтық пайдалану мерзімі бітпестен бұрын етке өткізу, буаз аналықтардың іш тастауы, бруцеллезден таза емес шаруашылықтарды сауықтыру шараларын өткізу шаруашылықтарға үлкен экономикалық шығындар әкеледі. Мұнымен қатар, бруцеллезбен адамдар да ауыратын болғандықтан, ол үлкен әлеуметтік мәселе болып табылады.

Бруцеллездің алдын алудың негізгі және тиімді тәсілі, жануарларды алдын ала иммундеу болып табылады. Бруцеллезге қарсы қолданатын вакциналар тиімділігін зерттеу, олардың әр түрлі екендігін көрсетті. Ғалымдар пікірінше, кәзіргі кезде практикада қолдануға ең оңтайлысы В.abortus 19 вакцинасын көз конъюктивасына егу болып табылады. Бұл тәсіл жоғары кернеулі иммунитет түзумен қатар, диагностикалық зерттеулерді уақытында жүргізуге мүмкіндік береді. Кәзіргі кезде, В.abortus 19 вакцинасын ірі қара малдың көз конъюктивасына егу тәжірибесін зерттеу (вакцина мөлшері, егілетін жануар жасы, түзілетін антидене динамикасы және оның қан сарысуынан жоғалу мерзімі және т.с.с) ветеринария ғылымы және тәжірибесі үшін маңызды мәселе болып табылады. Аталған мәселелер диссертация жұмысын орындау барысында шешімін тапқан.

**- докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу**

Жануарлар бруцеллезінің ҚР аумағында таралуы індеттану ғылымында қолданылатын Бакулов И.А., Джупина С.И., Авиллов В.М сияқты белгілі ғалымдар ұсынған әдістемелер бойынша жүргізілді. Бұл ретте, бруцеллезден қолайсыз пункттер саны мен динамикасын талдау үшін көп жылдық көрсеткіштерді сараптап, графикалық кесте құру, әр түрлі жануарлар бруцеллезінен тіркелген пункттер санын жылдар көлемінде салыстырмалы түрде қарастыру, алынған нәтижелерді логикалық талдау сияқты індеттанулық тәсілдер қолданылды. Бруцеллезге диагноз қою үшін бактериологиялық және серологиялық зерттеулер ҚР АШМ бекіткен «Жануарлар бруцеллезін балау туралы нұсқау», бруцеллалардың биологиялық қасиеттері Халықаралық сарапшылар комитетінің АБФ/БДҰ ұсынылып бекітілген әдістері бойынша анықталынды.

ПТР талдауы 9388-187-00494189-99 ТШ сәйкес, ВРУ-КОМ тест жүйесі, AMOS жинағын пайдаланып, мультиплексті ПТР және капиллярлық электрофорез (СЕ) шағын модификациялары бар алгоритмді қолдану арқылы орындалды. Алынған деректер BioNumerics 7.5 бағдарламалық құралының көмегімен талданды.

Зерттеу нәтижесінде алынған негізгі тұжырымдар нақты әдіснамаларды қолдана отырып алынған және шынайы деп есептеуге болады.

**- докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі**

Диссертациялық жұмыста - ҚР аумағындағы жануарлар бруцеллезі жөніндегі соңғы жылдардағы індеттік ахуал және жануарлар бруцеллезіне қарсы жүргізілген спецификалық шаралар тиімділігі сарапталынды. Бруцеллезге қарсы V.abortus 19 вакцинасының әртүрлі мөлшері және тәсілдерімен егілген теңіз тышқандарындағы иммунитет кернеуі анықталынды. V.abortus 19 штаммы вакцинасын ірі қара мал конъюнктивасына егуге арналған вакцинаның иммунологиялық тиімділігі салыстырмалы түрде зерттелініп, оны практикада қолдану ұсынылды.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында қол жеткен нәтижелерге Қазақстан аумағында жануарлар бруцеллезіне індеттанулық мониторинг жүргізгенде індет процессінің экстенсивті (сапалық) көрсеткіштерін анықтауды және пайдалануды жатқызуга болады. Бруцеллезден таза аудандарда індет көзін бақылау мақсатында бруцелла штаммдарын сәйкестендіру үшін тандемді қайталаудың ауыспалы санының (MLVA-16) мультилокустық талдауын пайдалану ұсынылды. Бруцеллезге қарсы V.abortus 19 штамынан конъюнктивға егуге арналған вакцинаның иммунологиялық тиімділігі (поствакциналық антидене динамикасы, иммуногенділігі т.с.с) анықталынды, шаруашылықтарда бруцеллез індетінің алдын алу үшін V.abortus 19 вакцинасын пайдаланудың оңтайлы әдісі ұсынылды.

**- диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы**

Диссертацияның құрылымы және зерттелетін тақырыптары бірегей, практикалық және теориялық маңыздылыққа ие. Тақырыптың негізгі аспектілері мақсаттар мен міндеттер шеңберіне топтастырылған.

Диссертациялық жұмыстың әрбір бөлімі, жалпы құрылымы және ішкі мазмұны қарастырылып отырған мәселені толықтай сипаттауға одан тиісті қорытындылар шығаруға бағытталған. Автор зерттеліп отырған тақырып аясында кең ауқымды мәселелерді қарастырған. Ол тұжырымдаған теориялық ұстанымдар, ғылыми қорытындылар бруцеллезге қарсы арнайы шараларды жетілдірудің теориялық негіздемесі ретінде пайдаланылуы мүмкін,

**- докторанттың зерттеуге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі**

Диссертацияны орындаушының нәтижесі тақырып бойынша зерттеулерге қосқан жеке үлесіне - зерттеу тақырыбын таңдаудан бастап, арнайы әдебиеттер көзін және патенттерді іздеп табу және зерделеу, індеттанулық деректерді жинау, талдау және жүйелеу, V.abortus 19 штамынан конъюнктивға егуге арналған вакцинасын дайындау технологиясын игеруді, зертханалық және ауылшарашылық жануарларына вакцина тиімділігін

анықтау бойынша сынақтар жүргізуді және диссертацияны жазып рәсімдеуді жатқызуға болады.

Диссертациялық жұмыс, ҚР ҒЖБМ ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес орындалған, аяқталған, көлемі қанағаттанарлық деңгейдегі жақсы рәсімделген ғылыми жұмыс болып табылады.

**- докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі**

Диссертацияны орындау кезінде автор көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми әдебиеттеріне шолу жасады. Докторантурада оқу барысында Айтқұлова А.М. таңдаған зерттеу тақырыбына қызығушылық, ғылыми жұмыста еңбек сүйгіштік және дербестік танытты. Ғылыми әдістемелерді өздігімен меңгеріп, оны жұмыс барысында пайдалана білді. Жануарлар бруцеллезіне қарсы V.abortus 19 штаммынан дайындалған вакцинаны конъюнктивға егу тәсілінің иммунологиялық тиімділігі мен оны қолданудың оңтайлы жолдарын қарастыруда табандылық танытып, осы салада ғылыми зерттеулер жүргізу және оның нәтижелерін зерделеуде үлкен тәжірибе алды.

**- қорытынды**

Диссертациялық жұмыс материалдары Халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалынып талқыланған, жекелеген тұжырымдары облыс шаруашылықтарында өндірістік тәжірибеде сынақтан өтіп, оң нәтижеге ие болған.

Жалпы, А. Айтқұлованың диссертациялық жұмысы әдістемелік тұрғыда жоғары деңгейде орындалған, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Жұмысты орындау барысында алынған нәтижелері қазіргі кезде аса өзекті мәселе- ірі қара бруцеллезінің алдын алуға бағытталған және ветеринария практикасына қолдануға ұсынылды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындалай келе, 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алуға ұсынылған «Ірі қара бруцеллезіне қарсы V.abortus 19 штаммы вакцинасын конъюнктивға егу тәсілінің иммунологиялық тиімділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ белгіленген талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы Айтқұлова Аяулы Мухаметкалиқызы «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші:**

«ҚазҒЗВИ» ЖШС бас ғылыми қызметкері,  
в.ғ.д., профессор



Ә.Әбутәліп

Ә.Әбутәліп қойған қолын растаймын

«ҚазҒЗВИ» ЖШС бас ғалым хатшысы, в.ғ.д., профессор Ф.Е.Сембина

06.08.2023 г.